

Облыстық бюджет және аудандар, Петропавл қаласы бюджеттері арасындағы 2020-2022 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 39/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 желтоқсанда № 5739 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.20120 бастап қолданысқа енгізіледі және 31.12.2022 дейін әрекет етеді - осы шешімнің 5-тармағымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 45-бабы 4-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Облыстық бюджеттен 2020 жылға аудандар мен Петропавл қаласының бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 54 129 408 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

- Айыртау – 4 331 748 мың теңге;
- Ақжар – 2 981 053 мың теңге;
- Аққайың – 3 266 351 мың теңге;
- Есіл – 3 592 566 мың теңге;
- Жамбыл – 3 889 137 мың теңге;
- Мағжан Жұмабаев – 4 293 526 мың теңге;
- Қызылжар – 4 283 186 мың теңге;
- Мамлют – 3 099 111 мың теңге;
- Ғабит Мүсірепов атындағы – 4 837 238 мың теңге;
- Тайынша – 4 374 784 мың теңге;
- Тимирязев – 2 297 648 мың теңге;
- Уәлиханов – 3 209 182 мың теңге;
- Шал ақын – 3 059 588 мың теңге;
- Петропавл қаласына – 6 614 290 мың теңге.

2. Облыстық бюджеттен 2021 жылға аудандар мен Петропавл қаласының бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 47 150 037 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

- Айыртау – 4 356 883 мың теңге;
- Ақжар – 2 842 088 мың теңге;
- Аққайың – 2 930 241 мың теңге;
- Есіл – 3 616 588 мың теңге;
- Жамбыл – 3 927 277 мың теңге;

Мағжан Жұмабаев – 4 024 183 мың теңге;
Қызылжар – 4 307 841 мың теңге;
Мамлют – 2 917 208 мың теңге;
Ғабит Мүсірепов атындағы – 4 335 159 мың теңге;
Тайынша – 4 387 990 мың теңге;
Тимирязев – 2 125 512 мың теңге;
Уәлиханов – 3 003 449 мың теңге;
Шал ақын – 2 976 100 мың теңге;
Петропавл қаласына – 1 399 518 мың теңге.

3. Облыстық бюджеттен 2022 жылға аудандар мен Петропавл қаласының бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 47 304 320 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Айыртау – 4 393 728 мың теңге;
Ақжар – 2 867 043 мың теңге;
Аққайың – 2 963 473 мың теңге;
Есіл – 3 650 246 мың теңге;
Жамбыл – 3 974 114 мың теңге;
Мағжан Жұмабаев – 4 069 788 мың теңге;
Қызылжар – 4 344 174 мың теңге;
Мамлют – 2 943 476 мың теңге;
Ғабит Мүсірепов атындағы – 4 370 464 мың теңге;
Тайынша – 4 414 778 мың теңге;
Тимирязев – 2 136 832 мың теңге;
Уәлиханов – 3 035 885 мың теңге;
Шал ақын – 2 999 803 мың теңге;
Петропавл қаласына – 1 140 516 мың теңге.

4. Осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларында көрсетілген бағыттар бойынша жергілікті бюджеттердің шығыстарында бюджет қаражатының ең аз көлемі ескерілсін.

5. Осы шешім 2020 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін әрекет етеді.

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихаты сессиясының төрағасы*

Ю. Белоног

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының хатшысы*

В. Бубенко

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты 2019
жылғы 11 желтоқсаны № 39/2 шешіміне 1-
қосымша

2020–2022 жылдарға арналған авариялық және (немесе) үш ауысымды мектептерді жою үшін басым тәртіппен орта білім беру объектілерін салуға,

реконструкциялауға және сейсмикалық күшейтуге, пайдалану мерзімі 30 және одан да көп жыл орта білім беру объектілерін күрделі жөндеуге бағытталатын бюджет қаражатының ең аз көлемі

мың теңге

Аудандар, қала (облыстық маңызы бар) атауы	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Облыстық	1 132 730	1 203 740	1 264 432
Облыс бойынша барлығы	1 132 730	1 203 740	1 264 432

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 39/2 шешіміне 2-қосымша

2020–2022 жылдарға арналған Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде аудандық деңгейде амбулаториялық-емханалық көмек, сондай-ақ стационарлық көмек көрсететін ұйымдар үшін күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталатын бюджет қаражатының ең аз көлемі

мың теңге

Аудандар, қала (облыстық маңызы бар) атауы	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Облыстық	465 092	843 528	1 231 373
Облыс бойынша барлығы	465 092	843 528	1 231 373

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 39/2 шешіміне 3-қосымша

2020–2022 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға бағытталатын бюджет қаражатының ең аз көлемі

мың теңге

Аудандар, қала (облыстық маңызы бар) атауы	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Облыстық	26 649 888	27 562 061	28 238 469
Облыс бойынша барлығы	26 649 888	27 562 061	28 238 469